

М А З М Ұ Н Ы

I К І Р І С П Е.....34 бет

II. Негізгі бөлім

2.1. ТҰЛҒАНЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН
ДАМУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ РОЛІ.....5-11 бет

2.2. ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЕҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТТЕРІН АНЫҚТАУ.....12-13 бет

2.3. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ШЕҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ
ЖОЛДАРЫ.....14-20 бет

2.4. ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМУДАҒЫ ТEOPIЯЛЫҚ ЖӘME
ӘДІCНАМАЛЫҚ МӘCЕЛЕЛЕРІ.....21- 24 бет

2.5. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЕҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН
ДАМУ.....25-38 бет

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы.....39-40 бет

П А Й Д А Л А Н Ы Л Ғ А Н Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р.....41 бет

I Кіріспе.

Дарын – қабілеттің бастапқы деңгейі. Дарындылық – әр түрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруіді қамтамасыз етуші жалпы қабілеттер ерешелігі.

Дарындылық әрбір адамның ақыл-сана, оқу, шығармашылық, көркемөнер және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді. Дарынды адамға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу, мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап шардығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллекттік деңгейі анағұрлым жоғары.

Дарынды адамдарды ғылым саласынан да көптеп кездестіреміз. Мәселен, қазіргі атағы әйгілі математик С.Мергелян 16 жасында университеттің бірден екінші курсына қабылданды. Ол жиырма жасында ғылым докторы атағын алды. Академик Л.Ландау орта мектепті 13 жасында үздік бітіріп, он төрт жасында университеттің екінші курсына түседі. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады.

Қабілеттіліктің ең жоғарғы дәрежесін талант деген сөзбен белгілейді. Талант – бір әрекетті творчестволықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қысып келуі. Адамның таланты музыкада, әдебиетте, ғылымда, техникада т.б. әрекеттерде көрінеді. Таланттың дамуы еңбек ете білумен, еңбек сүйгіштігімен тығыз байланысты.

Творчестволық қызметтің асқан дарынды өкілдерінің барлық қуат-қабілеттерінің бірдей шарықтайтын кездері болады. Мұндайда олардың санасы барынша өткірленіп, мейлінше айқындалады, бақылампаздығы оған санын арта түседі жазатын нәрсесі мұқият әрі тез дайындалумен қабат, іште жетіліп піседі. Бұл – адам талантының шарықтауының тамаша бір көрінісі. М.Әуезов «Абай жолында» кейінгі үш кітабын малшыға жатқа айтып бастырған. Тек зор талантты адамның ғана осындай «көремет» қасиеттері болады. Жазушы Ә.Нұрпейісов Мұхтардың талант ерекшелігін баялайша суреттейді: «Бірде үйіне бардым. Кабинетінің есігі ашық қалды. Мұқан «Ақын аға» аталған үшінші кітапты жатқа айтып тұр... Оның жүресіне, толқи шығатын қрыр дауысы шалқар шабыт тұсында шалқи төгілген аса білімді, көл-көсір көріністерді, адам жанын аламан-асыр қылатын ащы-төтті шындықтарды, өлмес-өшпес көркем сөзге айналдырып жатты. Дес бермей

бара жатқан ой тасқынын іркісі келгендей ара-тұра бір жөтеліп алады да, қайтадан сөз маржанын төлассыз тояқта береді”.

Осы эпизод бізге үлкен талант иелерінің шығармалары сол-оңай өзінен-өзі жазыла салатындай етіп көрсетуі мүмкін. Ал, шыныдығында бұлар икемен құдық қазғандай еңбектенеді. Аты-шулы ақын-жазушылардың, ғалымдардың қолжазбаларын көрсек, олардың бір жазғанын қайта-қайта еңдейтінін, сан рет көшіріп жазатынын, бір сөзбен айтқанда, қажымай-талмай еңбек ететінін жақсы байқаймыз.

«Алуан-алуан жүйрік бар, өліне қарай шабатын» дегендей адамдардың дарындылық саласындағы дара айырмашылықтары да сан алуан болып келеді. Мәселен, біреу іске күшті жігермен, қатты мейірмен кіріседі. Мұндай адам жұмысты сапалы да орындай алады. Енді біреу, керісінше, сол істі әрі бау, сапасын төмен етіп орындайды.

Менің курстық жұмысым “Дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтаудың заманауи әдістері” деп аталады. Жалпы жұмысты жазып бастамас бұрын жұмыс жоспары құрылып, қажетті әдебиеттер тізімі жасалды. Осы негізде жұмыс барысын зерттеу алға қойылды.

“Дарын” терминінің отандық болсын, шетел педагог-ғалымдары болсын жетерліктей зерттеді деп айтуға болар еді, дегенмен де дарындылықтың әр кез кереметтері мен тамашалары таусылар емес. Сондықтан зерттеу объектісінен әлі де алына қоймас. Курстық жұмыста жалпы, қысқаша түрде дарындылықтың жалпы ұғымына тоқтала отырып жеке дара ерекшеліктерін сипаттап, ашып көрсетуге мақсаттанамыз.

Жалпы іздену кезінде бастасөз құралдарына сүйендім. Әсіресе білім саласы және ғылым саласында қазіргі кезде дарындылықты қолға алып, қолдап жұмыс жүргізіп жатқан білім орталықтары көптеп кездеседі. Олардың қолданған әдіс-тәсілдері, бағдарламалары қызықтырмай қоймады. Сонымен қатар бастауыш сыныптарда балалардың дарындылық қабілеттерін шыңдау мен жекелей пәндер, яғни бейнелеу өнері мен қазақ тілі сабақтарындағы үздік ұстаздардың тәжірибесінен алған материалдарды дерексіз ретінде ұсына бақтым.

II. Негізігі бөлім

2.1. Тұлғаның дарындылық қабілеттерін дамытудағы педагогтың ролі

Бұл мәселенің ағамдағы қазіргі алатын орны ерекше, әрі аса маңызды болып отыр. Ендеше оның маңыздылығы мен қоғамдағы өткір ауранысының өзектілігі неде дегенге тоқталайық.

1. Педагог әрбір оқушының жеке тұлғалық ішкі мүмкіндігін тану өзектілігі;
2. Оқушының дарындылық қабілетін ашудағы педагогтың алатын орны мен ролінің өзектілігі;
3. Барлық оқушының дарындылық қабілеттерін аша алу өзектілігі;
4. Жасырын, ашық түрдегі қабілеттерді анықтаудың өзектілігі;
5. Болашақ педагог тек білім беруші ғана емес, ғылымға жаңалық әкелушіні тәрбиелеуші екендігін көрсете алу өзектілігі;

Болашақ ұрпақты өмірлік білімнен құтырлық білімге өткізуде өзектілігі мәселелерін алдымызға қол отырып, төмендегідей негізде:

- іс-әрекеттік, (деятельность)
- әдіс-тәсілдік, (методическое)
- амал-айпалдық (подходный) шешу жолдары мен жобалық барысын ұсынамыз.

Жеке тұлғаның дарындылық қабілеттерін дамытуда болашақ педагог «оқыту технологиясы» жаңы жан-жақты білімді болуды талап етеді.

«Оқыту технологиясы» ұғымы педагогикада және жеке әдістеменде әсіресе соңғы уақытта кең таратылып отыр. Байқауымыша, бұл ұғымның пайда болуы техногендік өркендеудің дамуымен байланысты және XX ғасырдың басындағы Еуропа елдерімен АҚШ-та «технология» ұғымының өзі де, оған байланысты мәселелер де арнайы зерттеулерге арқау бола бастаған кезге жатады.

Педагогикалық технология ұғымының даму тарихына экскурсия жасасақ мынаны көрсетеді:

- 1) 20 жылдары педагогика шеңберінде рефлексология идеяларына

негізделген «педагогикалық технология» ұғымы туындады (А.А. Ухтомский).

2) 40-50 жылдары «білім берудегі технология» термині оқытудың техникалық құралдарын пайдалану арқылы даму алды.

3) 60 жылдары педагогикалық технология қандай да бір әдістемені, мысалы, бағдарламалық оқытуды ғылыми негіздей отырып қолданылуы тиіс деген түсінік қалыптасты.

4) 70 жылдары педагогикалық технологиялар іркі кеңейе түсті. Жалпы оқытуды құрудың ерекше технологиялық тәсілі туындады. Педагогикалық әдістер технологиясы, яғни, оқу үрдісін немесе оқытуды құру технологиясы пайда болды. Осы бағыттың тұңғыш перзенті және педагогикалық технологиялардың іргетасы болып табылатын бағдарламалық оқыту өріс алды. Оған тек сипат - білім мақсаттарының нақтылауы, сатылы, бірізділік үрдістердің пайда болуы. Осының негізінде оқыту технологиясының арқауы мектептегі оқыту жүйелерін құрастыру мен жүйелілік тәсілдің дамуына байланысты педагогикада педагогикалық технологиялар нақты белгіленген мақсаттарға сай оқу үрдісін басқаруға бағытталған дидактикалық міндеттерді шешуі тиіс деген идея практикаға ене бастады.

5) 70-80 жылдары мектеп жұмысын басқару технологиясы жөніндегі көзқарастар пайда болды.

6) 90 жылдары оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, басқару технологиялары, білім сапасын басқару технологиясы өріс алды.

Соңғы жылдары педагогикалық технологиялар ұғымы оқу-тәрбие жүйесін басқару және жобалау құралдары мен үрдістерінің, оның мақсаттары мен міндеттерінің, мазмұнының, әдіс-тәсілдер құралдарының және ізінкті педагогика, психология идеяларына негізделген білім берудің жаңа парадигмасы шеңберінде оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Кең тарағандығы мен негізделгендігіне, білім беру тарихындағы айқын белгіленген мәні мен орнына қарамастан, осы ұғымның мазмұнын ашу

үнемі талдану үстінде, бүгінгі күнге дейін оның нақты түсініктемесі қалыптаспаған. Педагогикалық сөздікте мынадай анықтама берілген: «Педагогикалық технология - оқу үрдісін айқын да тиімді ұйымдастыруға бағытталған тәсілдер мен құралдар жиынтығы».

Майкл Кларк Білім беруде технология жаңа нәрсе емес, ол тек оқытудың жаңа жолдары ашылған кездерде ғана қызықтырады деп атап көрсетеді де, одан әрі педагогикалық технологияға «білім сапасын тексеруге болатын бақылау жүйесі, сондай-ақ білім, білік, дағдыны бағалау әдістерін әзірлеу» деген анықтама береді.

Жапонның педагог ғалымы Т.Самомотоның сипаттауынша, өз мәні бойынша педагогикалық технология барлық басқарылатын компоненттермен олардың өзара байланысын талдау, іріктеу, ұрастыру арқылы педагогикалық нәтижелерді неғұрлым арттыруға ықпал ететін ойлау тәсілі.

Ф.А.Фрадкин, жеке алғанда педагогикалық технологияның маңыздылығы мен бағыттары жоқ, оқу-тәрбие жұмысының мақсаттарына жетуге бағытталған қызмет жобасы немесе қызметтер желісі деп лайықтайды.

Богомолова педагогикалық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде мұғалімнің оқушыға әсер ету деп түсінеді. Оның ойынша, педагогикалық технология мұғалім мен оқушының арасындағы өзара әрекеттестік құралдардың жүйесі болғанда ғана қызықтыра алады.

В.П.Бесталько «Стабильные педагогические технологии» деген монографиясында технологияны тәжірибеде жүзеге асатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы ретінде анықтайды.

Педагогикалық технология ұғымының даму барысы сыртқы факторлармен, оқу-тәрбие үрдісіне жаңа талаптар әзірлеумен анықталады. Сол секілді, ұғым білім парадигмасының өзгеруіне орай білім мазмұнының жаңаруымен толықтырылып отырады. Бүгінгі таңда педагогикалық технологияны педагогикалық жүйелермен теңдестіру орын алған, педагогикалық технология әдістеме компоненті деген ұғым қалыптасқан. Педагогикалық технология ұғымын нақтылау барысында мұғалімдер

арасында «Педагогикалық технологияны сіз қалай түсінесіз?» деген сауалнама негізінде алынған жауаптарды саралау төмендегідей түйін жабауға мүмкіндік береді.

1. Педагогикалық технология - оқу-тәрбие үрдісінің алдын-ала жоспарлануы және оны тәжірибеде жүзеге асыру жобасы;
2. Педагогикалық технология - диагностиканы басшылыққа ала отырып жеке тұлғаға бағытталған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру;
3. Педагогикалық технология - педагогикалық мақсатқа көл жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисыны білім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жиынтығымен жұмыс істеу реті;
4. Педагогикалық технология - жүйелі ойды алгоритмдеу құралы.

«Педагогикалық технология» ұғымының анықтамасына жүргізілген талдау ұғым мазмұнын «жүйе жобасы», «мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас», «логикалық ойлау тәсілі» тұжырымдамалары негізінен дамытуға болатындығын көрсетеді. Соңғы жылдары оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және басқару қызметтерін ашатын педагогикалық технология, оқыту технологиясы және оқу үрдісін технологияландыру терминдері даму үстінде. Қолданыстағы бұл үш ұғымның өзара байланысына келетін болсақ, әр ұғымның өз анықтамасы, өз орны, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қызметі әр басқа.

Педагогикалық технология жүйе жобасы ретінде білімге қатысты объектілерді, үрдістерді және олардың өзара әрекет ету жағдайларын ажыратады, яғни педагогикалық технология кең маңнасында бүкіл білім беру жүйесінің тұжырымдамасын, стратегиясын білдіреді.

Оқу үрдісін технологияландыру оқушы мен оның оқу қызметін басты назарда ұстай отырып, бірзділікпен айқын белгіленген мақсаттарға бағытталу. Мақсаттарды нақтылаудағы негізгі бағыттар:

1. оқушының ішкі интеллектуалдық, эмоционалдық, тұлғалық даму үрдістері негізінде мақсаттарды анықтау;
2. оқытылатын білім мазмұны арқылы мақсаттарды анықтау;

3. оқушылардың оқу қызметі арқылы мақсаттарды анықтау;

4. мұғалім қызметі арқылы мақсаттарды анықтау;

Оқыту технологиясы - бұл оқытушылар мен оқушылардың қызметін құру. Мұнда оқушылардың сенімді қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту жағдайларына, нысандарына, әдістеріне, тәсілдеріне, құралдарына басымдық беріледі. Беріліп отырған үш ұғым бірін-бірі толықтырып, етене даму үстінде бір нысанға жетуді көздейді.

Педагогикалық технология ұғымы негізінде білім беру жүйесіне қатысты субъект, объектілер арасындағы байланыс сатылылығы ашылатын болса, технологияландыру ұғымы негізінде субъектілердің дамуын сипаттайтын мақсаттар алгоритмі айқындалады, ал үшінші ұғым оқыту технологиясы барысында білім беру жүйесінде айқындалған субъектілер арасындағы қарым-қатынас, қызмет байланысының нақты нәтижеге бағытталуы ашылады.

Жеке тұлғаның ішкі қабілетін ашу мақсатында педагог төмендегідей жүйеде жұмыс жасауы тиіс:

- Білім беру саласының төндік және негізгі (ключевык) мақсаттарын ескере отырып, оқу процесінің нақты мақсаттарын жобалау;

- Оқу процесін оқу материалдарын игеруді ұйымдастыру бойынша міндеттер кешенін шешуге бағдарланған білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес конструкциялау;

- Оқу материалдарын даярлау және оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды ұйымдастыру;

- Оқу процесін жобалауға және іс жүзінде іске асыруда ақпараттық ортаның әлеуетін пайдалану;

- Оқушының оқу материалын игеруінің тұлғалық-әрекеттік бағыттылығын реттеу;

- Оқушының озық дамуын ұйымдастыру үшін толыққанды жағдай жасау;

- Құзыреттілік түрінде жеке қол жеткізген нәтижелеріне жағынды

эмоция туғызу, қолдау көрсету және психологиялық жағымды орта құру;

- Оқушының өзіндік алған білімін қолдана білудегі жеке тәжірибесі мен өзін-өзі анықтау, өзі таңыту, өзіндік білімін көтеруге дайындығы бойынша білім алу көрсеткішін кеңейту мүмкіндіктерін қарастыру;

Мектептегі оқыту мен тәрбиелеуде жеке тұлғаның қабілеттерін толық көрсетіп, дамытатын негізгі тәсілдердің бірі - әрекеттік тәсіл. Әрекеттік тәсілге сәйкес адамның дамуы кезінде осы жас кезеңіндегі жетекші әрекетке зор үлес қосады.

Әрекеттік қатынас оқушының әлеуеттік мүмкіндігін дамытуға және есепке алуға көзделген, әрекетті сабақтан тыс ұйымдастыру нысандарымен, саралау тапсырмаларымен, вариативті бағдарламалармен жететін, жеке білім алу міндеттерін толығымен шешуге мүмкіндік беретін тұлғалық-бағдарлық тәсілмен тығыз байланысты.

Дарынды Балалармен жұмыс жасау мынадай ұстанымдармен анықталады:

1. түрлі ақпарат алу көздерін пайдаланып, бала қабілеттерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін баланың мінез-құлқы мен іс әрекетін жан-жақты бағалаудың көшендік сипаты;

2. баланы танып-білу мен зерттеудің ұзақтығы (баланың түрлі жағдайдағы іс-әрекетін кең уақыт көлемінде бақылау);

3. баланың қызығушылығы мен бейімділігіне барынша сәйкес келетін қызмет аясында баланың іс-әрекетіне талдау жүргізу (арнайы ұйымдастырылған пәндік-ойындық сабақтарға қатыстыру сәйкесінше түрлі іс-шараларға қатыстыру);

4. дамушылық ақпарат ете отырып, баланың психологиялық «кедергілерін» жоюға мүмкіндік беретін тренингтік әдістерді пайдалану;

5. баланың бойындағы қандай да бір дарынды бағалауда жоғары санатты тәжірибелі мамандарды тарту (математиктер, фитологтар, шахматистер, инженерлер және т.б.);

6. баланың дарындылық белгісін оның психикалық дамуының нақты

деңгейінде ғана емес, сондай-ақ оның болашақтағы даму мүмкіндігін де есепке ала отырып бағалау;

7. жұмыс нәтижесін талдау, бақылау, әңгімелесу, мұғалімдер мен ата-аналардың сараптамалық бағалары балаңыз эксперимент жағдайындағы нақты іс-әрекетін бағалаумен байланысты психодиагностиканың эксперименттік маңызды әдістеріне сүйену.

2.2. Дарынды балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтау.

Дарынды балаларды анықтауда кешенді қадам жасау ұтығырақ болатыны сөзсіз. Бұл тұста кең ауқымды түрлі әдістер қолданылады:

-балаларды бақылаудың түрлі баламалары (арнайы және зертханалық жағдайда, мектептен тыс іс-әрекет барысында);

-баланың отбасылық жағдайы, оның ерте балалық шағынан бергі жетілуі туралы ақпараттарды жинаудағы түрлі әдістер (ата-аналармен әңгіме, сауалнама алу, балалар шығармалары, күнделік жазбалары және т.б.);

- арнайы психодиагностикалық тренингтер;

-баланың іс-әрекетін мұғалімдер, ата-аналар, тәрбиелеушілер тарапынан экспертті бағалау;

- арнайы бағдарламалар бойынша «байқау» сабақтарын өткізу, балаларды арнайы ойын және пәндік-бейімделген сабақтарға қатыстыру;

- ұжымдық шығармашылық іс-шараларды жүргізуде балаларды басты рөлдерге қатыстыру;

-балалардың шығармашылық жұмысының нақты нәтижелерін (суреттер, өлеңдер, техника модельдер және т.б.) мамандар тарапынан сарптау;

- түрлі танымдық әрі пәндік олимпиадалар, конференциялар, спорт жарыстары, шығармашылық байқаулар, фестивальдар және т.б. ұйымдастыру;

- белгілі дарын түрін талдау міндеттеріне байланысты түрлі әдістерді пайдалана отырып психодиагностикалық зерттеулер жүргізу.

Оқушының дамуы мен тәрбиелілік деңгейін диагностикалаудың барлық түрлері сияқты бала дарынын анықтауда бала оқытын сыныпқа сабақ беретін мұғалімдердің, сондай-ақ мектеп кітапханашысы мен дәрігерінің пікірлерін ескеріп, мүмкіндігінше педагогикалық кеңестер жүргізіледі.

Күтілетін нәтиже: Дарынды тұлғаның дарындылығын арттыруда, жасырын дарынды ашыққа шығаруда педагог қауым - ақпарат беруші қызметімен бірге үйлестіруші, кеңесші, оқушының шығармашылық белсенділігімен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы, бағыт бағдар

беруші, әртүрлі ситуациялық сұрақтар ойлап табушы, сұрақтары нақты жауап күтуші ғана емес, өмірмен байланыстырып, ғылымға жаңалық әкелуді талап етуші болуы тиіс.

Атақты Қытай ойшылы Конфуций «танымның үш жолы бар ең оңайы - еліктеу, ең ашысы - тәжірибе, ең мәртебелісі - ойлау» деген екен Ендеше, жас педагогтардың алдына қойылып отырған қазіргі заманның талабы - өзіндік тиімді әдістер ойлап табу, нәтижесінде тулғаны ойлауға үйрету, ойлаудың нәтижесінде ғылымға жаңалық әкелуге бағыттау басты міндет. Болашақ ұрпақты өмірлік білімнен ғұмырлық білім алуға икемдеу ең негізгі мақсат болуға тиіс. Сонда ғана дамыған елдердің білім саясатындағы өзгерістерге тең келеміз деген қорытынды шығаруға болады деп сенеміз.

2.3. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары

Елімізде болып жатқан елеулі өзгерістер Республикамыз тек экономикалық саласын ғана емес, әлеуметтік саласына да оң өзгерістер әкелуде. Қоғалдағы білім беру жүйесіндегі өзгерістер - соның айғағы. Соған орай жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие жұмысын нәтижелі іске асыру, бір жағдайда «Білім негізі бастауыш» еменін мейлінше мойын бұрып, бастауыш сынып оқушыларының білім, білік және дағды сапаларының дайындық дәрежесіне байланысты болатындығы бәрімізге мәлім.

Сондай-ақ оқу ісі әрекетінің жақсы жолға қойылуы біздің ойымызша тек қана нақты бір білім мен тәжірибелердің игерілуімен ғана байланысты емес, соның мақсаттары мен тапсырмаларына сай келетін себептер мен бастапқылар жүйесінде екендігінде. Ең бастысы бала тек оқи алатын ғана емес, оқығысы келетін болуы керек.

Көп уақыттан бері орта білім беретін мектептердің негізгі міндеттері - білім беру, дағды мен біліктерін қалыптастыру болып келсе, қазіргі мектептердің негізгі міндеті - Барша күрделі ойы ұшықыр, шығармашылық қабілеттері жоғары, өмірге икелді, жан-жақты дамыған жеке басты тұлға тәрбиелеу.

Осыған байланысты Қазақстанда Ж.Қараевтың, Ә.Жүнісбековтың, М.Жанпейісованың және т.б. ғалымдардың тәлім-тәрбие технологияларының өздеріне тән ерекшеліктері бар. Олар келесідей:

- үнемі қайталау, ірі блоктен оқыту, тірек белгілерді қолдану;
- ізгілік, ықпал, жеке бағдарлы қарым-қатынас;
- әр оқушының табысының жариялығы, оны түзетуге, табысқа жетуге жағдай жасауы.

Бастауыш мектеп-оқушысы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім - үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Осыған орай сабақта көрнектілік, ойын элементтерін қолданып, сабақ ету үдерісін

қызықты ұйымдастыру қажет. Бастауыш сыныпта қолданылатын технологиялар: «Ойын арқылы оқыту технологиясы», «Модульдік оқыту технологиясы», «Дамыта оқыту технологиясы», «Проблемалық оқыту технологиясы» және тағы басқа.

Ойындық іс-әрекеттердің психологиялық механизмі және бастық өзіндік талап-таламдарын сүйенеді. Баланың бойындағы білімдік, танымдық шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді.

Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі:

- білімді меңгеру емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық үдерістерді арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамыту;
 - ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру
- т.б.

Ұлы неліс педагог А. Дистерверг әйгілі «Неліс мұғалімдерінің білім беру ісіне басылымы» атты еңбегінде «Жаман мұғалім ақиқатты ер айттып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді» - деген.

Неліс педагог И.Ф.Герbart өзінің оқыту теориясының негізіне әр саладағы қызығушылықты алған. Адамдағы қызығушылықтар қоршаған дүниені танып білуге немесе қозғалыс өмірге айналасуға байланысты. Қызығу туралы психолог мамандар мынандай өз пікірлерін жетік түсіндірген.

- 1) Қызығуу мұқтажыдан пайда болмайды.
- 2) Адамның қызығулары босыр сезімдерге теңейді.
- 3) Адамның қызығулары ерте кезден бастап кәсіп арқылы соқпа сезімдер, инстинктер ретінде ата-анасынан баласына көшіп отырады.
- 4) Сыртқы дүниемен байланыспайды. т.б.

Қызығу деңгейіне оқу-тәрбие үдерісінде өте қажетті шарттар қатарына кіреді.

Қызығудың бастауыш сынып жасындағы балалардың жақсы оқуына, оқығанын ары қарай дамытуына, адамгершілігі мол, шығармашыл етіп

тәрбиелеуіне ықпалы зор.

Бастауыш сынып жасындағы оқушылар әр нәрсеге елжігеш, қызығушылықтары соншалықты көрген нәрсесін қолымен ұстап, көзбен көргенше асырады. Сол үшін мектептегі әрбір ұстаз оқушыда қызығушылықты жоғалтпауға тырысады және неғұрлым қызықты дүниелер жасауға бағыттап оқытады.

Психологтардың айтуы бойынша бала ойын үстінде қалай болса, есейгенде еңбек үстінде сондай болады. Сондықтан ойын баланың дүниетанымы мен өміртанымының алғашқы қадамы. Баланың өмірді тануы, оны білуі, қоршаған ортамен араласуы, еңбекке үлкендермен қарым-қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Кіші мектеп жасындағы балалар өздерін ойын үстінде еркін сезінеді, осыған тапқырлық, іскерлік, ізгілік шығармашылық әрекеттері қалыптасады. Сонымен қатар бала ойын барысында көңілін шаттандыратындай ойын қиялын оятатындай іскерлігін дамытып, қалыптастыратындай болуы керек. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін, саналы ойлау білуін, ой-өрісінің дамуын, қиыншылыққа төзу, елгілігін қалыптастыру, үйрету, баулу - мұғалімнің негізгі міндеті. Бастауыш сыныпта оқушылардың қызығушылығын дамытудың бірнеше жолдарын айтуға болады.

- а) мадақтау;
- б) бағалау;
- в) көрнекілік түрлерін қолдану;
- г) дидактикалық материалдар;
- д) деңгейлік тапсырмалар беру.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуды тандап, тұрақты үшін «қабілет» ұғымын ғылыми тұрғыдан түсініп алуымыз керек. Дарын ұғымына психологиялық тұрғыдан көптеген ғалымдарымыз анықтамалар берген. Академик Т.Тәжібаев «Дарын қабілетке негізделіп - іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орында көрінетін адамның жеке қасиеті» - деп

түсінік береді.

«Шығармашылық» сөзінің этимологиясы «шығару, ойлап табу» дегенді ұғындырады. Жалпы шығармашылық дегеніміз - адамның белсенділігі мен дербестігінің және қиял - ойын іске асырудың жоғары формасы. Шығармашылық актіні сипаттаушы маңызды ой-тұжырымның бір ізділігі негізінде логикалық жүйенің және интуициялық сезімнің, асқақ ойлаудың ерекше тәсілінің іске асуы болып табылады. Бұл туралы неміс мұғалімдерінің мұғалімі атанған А.Дистерберг «Оқыту барысында оқушының ізденімпаздылығы мен шығармашылығын дамыту - оның ақыл-ой қабілетін қалыптастырудың аса маңызды құралдарының бірі» - деп көрсеткен болатын.

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтауды педагогика, психология ғылымдары өте ертеден зерттеген. «Шығармашылық» әлемдік мәдениет пен білімнің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болған, «шығармашылық тәсілдерін» жасауға деген ізденістерді байқауға болады.

Ұлы ойшылдарымыз Ж.Баласағұн, әл-Фараби, Абай да «шығармашылық», «қабілет» деген ұғым-түсініктер ерекше толғаңдырып, ой салған. Сондықтан бүгінгі педагогиканың негізгі мақсаты - озық, қозалға лайықты, жаңашыл әдіспен жұмыс істейтін, өзінің еңбектерінде адамның жеке басының қабілеттерін дамытуды мәдейтін тұлғаны тәрбиелеу болып отыр.

Мысалы, көрнекті ағартушы Ы.Алтынсарин өз шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдарын қарастырса, ал М.Жұмабаев оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген ғалым-педагог болды. Ал ғалым Қ.Ә.Жаманбаева өзінің зерттеу жұмысының ізгі идеясы «оқушыларды сөз өнеріне баулу, көркем шығармашылық қабілеттерді дамыту жолдарын айқындаған».

А.Я.Пономарев «шығармашылық қабілетті» «даму» ұғыну мен қатар деп түсіндірді. Мұхаммедиян ойын әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттердің даму жолдарын түсіндірді. «Шығармашылық әрекет» өмірде

оқушының ақыл-ойың, талайтын, ойлауын сонымен қоса өзін дамытатын болса, онда «даму» сөзінің немесе терминнің мәнін былай түсіндіруге болады. «Даму» сөзінің психологиялық анықтамасы «жанару» жақаның өмірге келіп, өсінің жоғалуы деген ұғымды береді. Бала психикасы үнемі дамып, өтеріп отырады. «Даму» процесінде үш түрлі фактор бар.

- 1 Биологиялық фактор
- 2 Әлеуметтік фактор.
- 3 Баланың белсенділігі.

Жеке тоқталып ғылыми, психологиялық түсінік беретін болсақ:

- Биологиялық фактор - бұл ата-аналардан берілетін, дененің барлық мүшелерінің құрылысы мен ерекшелігін білдіретін бала организмнің ортамен қарым-қатынасының нәтижесі болып табылатын белсенділікті, денсаулықты қалтамасын етеді;

- әлеуметтік фактор - бұл бала өмір сүретін орта, ең алдымен адамдардың ортасы;

- Баламен қарым-қатынасы тәңрегіндегі адамдармен. Сол адамдардың мінез-құлқы, ақыл-ой белгілері, олардың пікірлері, көзқарастары, еңбекке деген көзқарасы, олардың сөздері, іс-әрекеттері, дағдылары ұмтылыстары және бала өсіп дамытын рухани ортаны құрайды;

- Бала белсенділігі - бұл даму үдерісіндегі әрекет ететін үшкініп, негізгі күш болып табылады.

Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Орта буынның шығармашылық дамуын басқарудың педагогикалық психологиялық мәселелерін анықтауда педагог пен оқушының арасындағы қарым-қатынастарды ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мұғалімнің теориялық білімінің болуын қажет етеді.

Сонымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қажетті жағдайлардың мазмұны төмендегідей:

- мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру

арқылы баланың назарын бір нәрсеге бағыттау керек;

- оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін, әнмені шығармашылық талпырма - міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсына алу жөн.
- шығармашылық жаттығу, ойын - талпырмалардың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек;

Мұғалімнің ең үлкен міндеті бала белгілі бір мәртебелік шешім тауып, өз туындысын ұжымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмай, шығармашылық бағыт - бағдар беріп отыру.

Шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар:

- біреуі - «сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді» деген мұрақшылық сезімі,
- екіншісі - өзіне-өзі тың риза болмаушылық сезімі,
- үшіншісі - жалқаулық.

Ондай жағдайда баланы қатқарудың жолдарын табу:

- оқушылардың шығармашылықпен айналасуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай жасау,
- шығармашылық бағытта баланы жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру.

Оқушылардың шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта және сабақтан тыс уақытта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынандай:

- тақырыпты мазмұнына қарай жіктеу;
- арнаулы бір тақырыпта пікір талас тудыру және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстарды мұғалім тарапынан берілген тапсырмаларды орындау барысында балада бүгінгі өмір талабына сай практикалық маңы бар дәдіктер қалыптасады:

- белгілі білім көздеріне қажетті материал жинақтайды;
- кітаптармен, ғылыми еңбектермен жұмыс істеуді мекенреді;
- теледидардан, ертегіліктер мен әдеби кештерде және көпшілік

алдында мүдірмей сөйлеуге жаттығады;

- а мектептегі қабырға газеттеріне, күнделікті баспа сөз беттеріне мақала жазу машығын игереді;
- б сынып немесе мектеп көрмесінде көрнекі құралдарды жасауға дағдыланады.

Оқушы мектепте, ауданда, обытыс көлемінде ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстарға қатысу арқылы өз ұжымының абыройын арттыруға атсалысады. Нәтижесінде өз ұжымын сүю сезімі қалыптасады. Ең бастысы, ана тілінің ұшан теңіз байлығын сезініп, сұлу да сырлы оралымдарды меңгереді.

Танымдық белсенділік немесе ізденімпаздық, оқушының берілген тапсырманы басқаның көмегісіз орындауымен ғана шектелмейді. Ол алдына саналы түрде мақсаттар қойып, соған сәйкес өзінің іс-әрекетін бағыттап отыру мүмкіндігіне ие болуы керек.

2.4. Дарынды балаларды даярлаудың теориялық және әдіснамалық мәселелері.

Білім беруді дамытудың 2005-2010 ж.ж арналған мемлекеттік бағдарламасы Білім беру жүйелерінде дарынды балаларға жетекшілік бөлімдерді қажеттіліктерімен тығыз бірлікте қарастырады.

Біз оны соңғы жылдары профилілік оқытуды кеңейтілген және жекелеген пәндер бойынша тереңдете оқыту сыныптарының ашылуынан көреміз.

Оның шығармашылық, көркем-эстетикалық пәндер ірілерін оқытуда ролі ерекше. Қазіргі таңда қоршаған ортаны эстетикаландыру мен ментальдық өмір сүру барысында жандандыру, кәсіби көркемдік тұрғысында өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін шешуде дарынды балаларға арналған өнер студиясының жұмысын қолға алдық. Мұндағы мақсат жалпы мәдени, мәдени танымдық және көркем эстетикалық, көркемдік бейнелеу білім компоненттерінің интеграциялануы шығармашы тұлға тәрбиелеудің іргетасын қалаудың алғашқы қадам.

Негізінде тек қана тұлғалық бағдарланған білім беру жүйелерінде оқушылардың көркем шығармашылық «Мен - концепциясы» берік қалыптасады. Көркем мүдделердің әлеуметтік маңыздылығы мұнадан көрінеді: дарынды баланың тұлғалық бағыттылығы рухани құндылықтарды бағалай білуіне, олар заттары мен құбылыстарын жасай білуінен түзіледі. Мұның өзі тұлға мен қоғамның рухани сауығуына ықпал ететіні сөзсіз.

Нәтижесінде педагогикалық тұрғыдан алғанда, көркем мүдделер баланың образды когнитивтік психологиялық органдарын дамытады, өнерге үйренуіне бейімдейді, сондай-ақ көркем мүдделер оқушының мәдени тынығуын алдын-ала анықтап, оларды теріс орта әсерлерінен сақтайды, бірлесіп тұлға қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Өйткені, мүдде, яғни қызығушылықтың өзі дамуға ықпал етумен қатар, даму мүмкіндіктерін молайтады. Ал эмоциялық қабілет дегеніміз - мега қабілет.

Міне осы қабілетті дарынды баладан шығармашылық тұлға

қалыптастыру үшін жоғары деңгейдегі өнімді ойлау жүйесін, зерттеушілік қабілетін, өзін-өзі білімдендіру, жаңа идеяларды жүзеге асыру, қасиеттерді дамыту қажет.

Дарынды бала бойындағы бейімділікті тәрбиелеу, қабілет деңгейін көтеру – шығармашылық алғашқы бастамасы.

Сондықтан дарынды бала бойындағы бейімділікті мәре, Болжай білу, әрі қарай дамытуға күлшыныс - әрбір мұғалімнің бірден бір міндеті:

Ең бірінші кезекте дарынды балаларды тауып, олардың ерекше қабілеттерінің дәрежесін анықтап, олардың толық ашылуына жағдай жасау. Әсіресе сурет салуға икемді балалардың психологиясы ерекше қырағылықты талап етеді.

Сурет салуды қаламайтын бала болмайды. Сондықтан олардың икемді шатпақ суреттерінің астарында жатқан күлшыны алуға, оны дұрыс түсініп интерпретация жасау қажет. Бұл мақсатта арттерапиялық тренингтерді жүйелі пайдалану керек.

Шығыс даналығы «Бір сурет мың сөзге тұрарлық» дейді. Бейнелеу өнері визуальді қарым-қатынастың тиімді түрі деп алуға болады. Арттерапиялық әдіспен сурет интерпретациясы бұл жағайып ойын және ғылыми жұмыс. Міне, осындай жолмен іріктелген дарынды оқушыларға арналған «Өнер» студиясының жұмыс құрылымы мен бағыттарына назар аударайық:

- 1) Түсініктеме
- 2) Мақсаты
- 3) Міндеттері
- 4) Әдісі
- 5) Мұғалім жұмысының нәтижесі
- 6) Пән бойынша оқушыларға берілетін пән мазмұны
- 7) Бағдарлама құрылымы

Түсініктеме - ұғынышып отырған бағдарлама өнер түрлерін мектепте

арқылы өскелең жастардың эстетикалық дүниетанымы негізінде мәдениетті қалыптастыру өнер арқылы адамгершілік тұрғыда тәрбиелануіне әлемдік әлеміне үніліп қоймай, оны қорғауға және рухани - мәдени деңгейін көтеруге жағдай жасау.

Мақсаты: жалпы білім беретін және кәсіптік бағдарламамен тереңдетіп оқытылатын мектептердің ең негізгі бағыттарының бірі көркемдік пен еңбекке баулу тәрбиесін жетілдіру.

Міндеттері:

- Халыққа білім берудің жаңа реформаларын бағдарламаға сай мектептерде шығармашылық жұмыстарын дұрыс пайдалану.

- рухани өнерді зерттеу және табиғатты, қоғамдағы өзара әрекеттесуден болатын процестер мен элементтер туралы мәліметтер мен білім қорларын қалыптастыру;

- әрбір оқушының қызғушылығын ескере оқыту;

- мамандық таңдауға дейінгі дайындық деңгейлерін ұлғайту;

- оқушылардың ойлау қабілетін дамыту;

- оқушыларды практикалық еңбекке баулу;

- икем-дәдіштарын қалыптастыру.

Әдісі: суреттеу - баяндау, сұрақ-жауап, түсіндірмелі-иллюстрациялық, пікірлесу, әңгімелесу, проблемалық сұрақ, салыстыру, баяндау, тренинг т.б.

Мұғалім жұмысының нәтижесі:

Оқушылардың пәндер арасындағы байланыстарды толықтай сезінуіне жол ашады. Бейнелеу өнері ғана емес, табиғи құбылыстар мен психологиялық білім негіздерін игереді. Ұлттық құндылықтарға рухани адамгершіліктен қарау әдістерін үйренеді.

Бағдарлама бойынша оқушыларға берілетін білім мазмұны:

- Эстетикалық білім алу, өнер түрлерін игерудің механизмдерін игеру.

- Рухани күштің құдіреті туралы түсінік беру.

- Ақпараттық мәдениетті меңгеруге мүмкіндік беру.

Бағдарлама құрылымы



2.5. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.


Бүгінгі таңда ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты шығармашылық тұлғасын қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр. Біздің қазақта «Білікті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген аталы сөз бар.

Қазақстандық білім берудің даму болашағы 2008-2009 оқу жылынан бастап кезек-кезеңімен енгізілетін 12 жылдық білім беруге көшумен тығыз байланыста екені баршаға аян. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасында: «12 жылдық білім берудің басты мақсаты – Өзінің және ұрпақтың мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құдіретті, шығармашы, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру» - деп нақты көрсетілген. Тұжырымдамада көрсетілгендей, құдіреттіліктің өзі бірінше-бірі тәуелсіз бірнеше бөліктерден тұрады. Оларды талдай отырып, жалпы орта білім беретін мектептерде оқушыға нәтижеге бағытталған білім беруде құдіретін тұлға құдіреттілігін төмендегіше сипаттауға болады.

- Өзінің даралығын сезініп, өзін-өзі дамыта білуі;
- Өзінің қызметін бағалай білуі;
- Түйсікпен мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білуі;
- Өз алдына мақсат қойып, оны жүзеге асыра білуі;
- Өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білуі;
- Өз бетінше алынған ақпаратты талдай, тандай білуі;
- Түрлі өмірлік жағдайларда пайдалы, тиімді шешім қабылдай білуі;

Әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау көзделуде, оқу-әдістемелік жүйесіне жаңа талаптар қойылып отыр. Педагогикалық жүйемен берілетін білім ғана балалардың болашақта тандаған мамандығына бағытталуы тиіс екеніне басты назар аударылууда. Технология - өнерпаздық, шеберлік, іскерлік десек, әр тегінің мұқалымы өз ісінің шебері болуы тиіс. ХХ ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру - үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Оқушыларға заман

талыбына сай сабақ беру кез келген мұғалімнің міндеті. Ұстаз - белсенді шығармашылық іс-әрекетте талпынған оқушының кеңесшісі, әрі көмекшісі. Егербір мұғалім сабақ жүргізу барысында жаңа технологияға сүйене отырып, тосын идеялар мен проблемалық ой тудырып отырса, оқушылардың да тегте қызығушылығын арттырып отыруға болады.



Шығармашылық сұрау-тапсырмалар мен жаттығуларды орындау барысында оқушыларда таныс-орыс ізденіс әрекеті қалыптасып, әр түрлі проблемаларды талдайды. Оны шешу жолдарын іздестіреді.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, күздіреттілігі арқылы айқындалады. Әдебиет тегі мұғалімдері алдындағы шәкірттің рухани жетілуіне, әсіресе, сөздік қорының бай болуына, сондай-ақ жас ұрпақтың бойына халықтық салт-сана мен жаңа деңгейдегі мәдени талаптарды қатар сіңіру арқылы оларды тәрлаусыз уақыттың сыннан

сүрінбей өтуге тәрбиелеу бағытындағы жұмыстар төңірегінде ізденіспен жұмыс жасаған дұрыс. Оқушының өз ойын жүйелі, батыл айта білуіне, ой пікір алмасуда өзін еркін сезінуге әдебиет сабағында сатыпай көшенді талдау әдісінің орны ерекше болуы керек. Сатыпай көшенді талдау әдісінің тиімді екендігіне қазақстандық педагогтарымыз көз жеткізіп келеді.

Қазақстан Республикасының жаңа «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғашқы рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Дарынды балаларды анықтау өте күрделі, жан – жақты мәселе. Дарындылықты анықтауға арналған түрлі диагностикалық әдістер бар. Дарындылықты анықтауға арналған әдістердің бірі – тест әдісі. Тест әдісімен бірге тәжірибелі зерттеушілер басқа әдістерді қолданады (мұғалімдердің, ата – амалардың балаларға сараптама базасы, балалардың нақты іс – әрекетіне баға, балалардың сайыс, олимпиадалардың қатысуының қорытындысы.) Адамн ойлау, ізденімпаздық - табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық.

Біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшеленетіндерді айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие, осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі. Құлайпы ақуал, тамаша кәсіби ұстаздық кез келген ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады.

Педагогикалық энциклопедияда дарындылық туралы анықтама берген. Дарындылық – дегеніміз-адамдардың қабілеттіктерін жеті жақсы дамуының жоғарғы сатысы.

Ж.Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттермен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын – оқыту мен тәрбие.

«Неғұрлым баланың қабілеті мен талантын дамытуға ертерек көңіл бөлінсе, неғұрлым оны толық ашуға мүмкіндік туады. Бала бойындағы ерекше қасиеттерді оған жақын жасы үлкендер дұрыс, жеткілікті бағаламаса, оның «өзгелер сияқты» болып қалып қояы мүмкін» дейді америкалық ғалымдар.

Дарындылық төмендегідей топтарға жіктеледі.

1. Ой-өрістің жоғарылығы.
2. Академиялық табыс.
3. Шығармашылық және өнімді ойлау, пікір айту.
4. Көркемдік әрекет.
5. Қатынас және белсенділік.
6. Қозғалғышылық.

1. Бала бойындағы қабілеттіліктерді бақылау. Жалпы дарындылықты анықтау, дамыту аса шеберлікті қажет етеді. Бақылауда асығыстық жасауға болмайды. Зерттелетін объектіні айдың белгілеу үшін педагогикалық – психологиялық әдістер қолданылады. Қай әдісті алсақ та бала табиғатын толық ашағындай болсын. Баланың табиғатын ұқпаған кісі, оны қанша әуреленгенмен еш нәтиже шығара алмайды. Яғни, мұғалім үшін бала жанын түсіну үлкен өнер, ол дәрігердің адам денесін, ұстанның ағаш және темірді білгеніндей ете қажет.

Оқушының алдымен қабілетіне қарап сыныптан шартты түрде даралаймыз. Бұл даралауда құпиялық сақталады. Ол оқушының зерттеу объектісінде тұрғанын өзі және сыныптастары білмеуі керек, яғни, бақылау табиғи түрде жүргізілу керек. Оның сыныпта тапсырмаларды орындауға белсенділігі, ұтқыр жауаптары, жаңа сабақты жылдам меңгеруі, үй тапсырмасын орындауға тиянақтылық, қайталау

сұрақтарына мүддірмеуі, т.с.б. есепке алынады. Зерттеу жүйелі жүргізуді талап етеді.

Байқау әдісі. Бала ерекшеліктеріне, жалпы әрекеттеріне бақылау жүргізіледі.

Әдіс шарттары: 1) байқау ұзақ мерзім жүргізіледі, 2) мақсатқа жетуге алдың көрсеткіштер жинақтау, мысалы, есеп шығаруда неге мән береді; 3) бақылау құралдарының жеткілікті болуы және оның дер кезінде қажаз түсуі.

Әңгімелесу. Мұнда алдың ала жоспарланған сұрақтармен қатар жанана сұрақтар рөлі ерекше. Әңгіме желісі үнемі проблеманы шешуге әкеп соқтырып отыру керек.

2. Потенциялық мүмкіндіктерін анықтау. Ерекше бағыттағы мүмкіндігін анықтағанда тесттер қолданылады. Тестті топқа және жеке оқушыға жүргізуге болады.

2.1. Есте сақтау

Аз уақыт аралығында сөзді есете сақтауы. Айтылатын сөздер тізбегі балаға таныс болуы керек. Аралығы жарты секунд. Өр сөз тек бір рет айтылады. Жауапты балппен қорытындылайды.

Көзбен көріп есете сақтау. 16 түрлі сурет көрсетіледі. 30 секундтан кейін оларды алып тастайды. Бала суреттерді еске түсіріп айтып беруі керек. Жауапты балппен қорытындылайды.

2.2. Көзбен шолып анализ-синтез жасау.

- 4 суреттер беріледі. Осылардың ішінен артық сурет сызылып тасталады. Баланың бейнемен таныстығы да ескеріледі. Баллдық жүйемен бағаланады.

- Көзбен салыстыру. Бірінші баған 2-ге бөлінеді. Оның біреуіне сәйкестігі бар екі сурет қалынады. Мысалы, ит күшігімен. Екіншісіне жаңғы сурет салынып, сұрақ белгісі қойылады. Мысалы, тауық. Ал екінші бағанда мүмкін болатын суреттер тұрады. Мысалы, үйрек, өтеш, балапан, күшік.

Бала сұрақ орнына қойылатын суретті іздейді. Мұндай салыстыруларды әр түрлі тақырыптардан алынған дұрыс.

2.3. Сөзден тікелей анализ-синтез жасау.

- 4-5 сөз айтылады. Осылардың ішінен басқалармен сәйкестігі жоғын алып тастау керек.

- Салыстыру. Бірінші екі сөз айтылады. Мысалы, Сағат-уақыт. Екінші бір сөз айтылады. Мысалы, градусник-?. Содан кейін мүмкін сөздер тізбегі беріледі. Мысалы, әйнек, сырқат, төсек, температура, дәрігер.

2.4. Ойлау.

- 5 – тен кейін қай сан тұру керек? 1, 2, 3, ...? 4, 6, 7,

- Ауызша айтылған сөздер ішінен ұзынын немесе қысқасын табу керек.

Бірақ, айтылатын сөздерде 2-3 әріпке айырмашылық болсын.

2.5. Біріншісі дәліл, толықтық жүйелілік.

Сұраққа жауап беруінде немесе әңгімелесу кезінде әрбір сөйлемге әлден беруі, орынды пайдалануы, сөйлемді толық құруы ескеріледі.

Мәселен, З.А. Мальковтың « современная школа США» кітабында оқушының жеке қабілетін анықтау үшін интеллектуалдық «ай-кью» деген

тесттің мектепке алғашқы қабылдаған күні жүргізілетіні жазылған. Бұл

тест көптеген тапсырмалардан тұрады, оны белгілі бір уақыт ішінде

орындау керек, тапсырманы дұрыс орындау үшін баланың сөздік қоры,

дамыған сөйлеу тілі, айналадағы табиғи және жасалған ортадағы

құбылыстарды айыра білуі, т.б. қасиеттері анықталады. П.Я.

Гальпериннің ғылыми зерттеу оқығудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру

жолында ұсынған сабақ түрлеріне сүйендім. Ол үш түрге бөлінеді.

1. Оқығуды түсіндірусіз, нұсқаусыз жүргізу. Ондай сабақтарда

оқушылардың қателесуі әбден мүмкін. Бірақ, сол қателерін өздері түсетін,

оқу материалшының мәнін, мақсатын дұрыс меңгеретін болады.

2. Меңгерілуге тиісті материалдар мазмұны мен оның жолдары

оқушылардың өздеріне көрсетіліп, тиісті түсініктер беріледі.

3. Оқытуды ойдағыдай жүргізіп, межеленген тиісті материалдардың мазмұнын мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өздеріне шештіріледі. Бұлар оқытудағы ең өнімді әрі негізгі болып саналады. Оқытудың осы үшінші түрінде оқушылардың өзіндік іс-әрекеттері және олардың ақыл-ой белсенділігінің нәтижесінде **дарындылар анықталады**.

Дарынды балаларды анықтау үшін бастауыш сыныптан бастап оқушыларға арнайы жеке тапсырмалар беріп, тәнге деген психологиялық қызығуын артыру керек. Ол үшін дарынды оқушыларға қоспатын арнайы талап деңгейінде жұмыстар жүргізілуі тиіс. Атап айтқанда, олар мына талаптар.

2.4 сыныпта:

- жазушының әдемі, сауатты болуы;
- оқығаның, көргенін жүзін түде білмеуі;
- 15-20 өлеңді жатқа білуі;
- табиғат көріністеріне, жыл мезгілдеріне шағын әңгіме жаза білуі.

Дарынды оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтауда психологиялық дайындықтан өткізу қажет. Шығармашылық шеберлік үшін оқушыға ұстаздың берер психологиялық әсері мынадай болмақ:

- «сенің қолыңнан бәр келеді», «сен қабілеттісің», «жаз», «сүйрек» деп, баланың еркін білеп, сенімін білдіру;
- оқушының кішкентай жетістігі болса да, жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеу, басшылығында өлең, әңгімелерінің жарық көруіне көмектесу;
- шығармашылық сөзге оқушыға құптаушылық көзқарас білдіру, сезім күйін бақылау, қамқорлық таныту;
- ақын-жазушылардың, өнер адамдарының шығармашылық дәстүрінен қызығшықты оқушыларды әңгіме ету;
- оқушылар үшін педагог өзін қарапайым жан есебінде таныта білу, оқиға, сюжет, образ жасауда оларға сенім білдіру;

- оқушының қойған сұрақтарына пейілмен дұрыс жауап беру, олардың психологиялық еркіндігін қамтамасыз ету сияқты әрекеттерді педагог білу.

Балалардың қабілетін анықтау әдісі

Жалпы мінездеме.

Бұл әдіс баланың мінезі, қызығушылығы және қабілеті туралы алғашқы хабар алу мақсатында қолданылады. Бұл әдіс «қызығушылық картасы» және «тәуелсіз сарапшылар» әдісіне мәмекші әдіс. Бұл әдіс бойынша бала туралы алынған мәлімет психологиялық түзету міндеттерін шешуге, бұл жұмысты ата – аналармен бірігіп жүргізуге мәмектеседі.

Баланың қызығушылығы мен қабілетін анықтау басқа психодиагностикалық әдістер сияқты өте күрделі.

Баланың қабілетін анықтау әдісін қолдана отырып мұғалім өзінің баланың қызығушылығы туралы түсінігін жүйелейді, ата – аналардан бала қызығушылығы, қабілеті туралы мәліметтер алады.

Жалпы баланың қызығушылығы мен қабілеті бір-бірімен байланысты.

Дайындық жұмысы

Бір балаға екі парақ дайындалады.

Жауап парағы.

Оқушының аты- жөні _____

Жауап парағын толтыру үшін сұрақ парағына жауап береміз. Сұрақ парағындағы қасиет балаға тән болмаса сөйкес клеткаға (-), балаға қасиет тән бірақ айқын болмаса (+), бала қасиеті айқын, ол сонымен басқалардан ажыратылса (++) қойыңыз.

Екінші кезеңде сұрау ата-аналарға жүргізіледі. Он жеке немесе дайындық түрде жүргізуге болады. Сұраққа жауап беруге 12-15 сек. Жеткілікті.

Ата-аналарға арналған нұсқа

Балаларыңыздың қабілетін дамытуда нақты жөнәс нұсқау беру үшін өз баланыңыздың қабілетін білуіңіз керек, сізге 30 сұрақ беріледі, оған жауап беру де, өз баланыңыздың қабілетін кемітіп, не көтермеуіңіз сұралады. Жауап парағына өз және баланыңыздың фамилиясын жазыңыз, сұрақта айтылатын нәрсе сіздің баланыңызға тән болмаса (-) қойыңыз, ал тән бірақ айқын болмаса (+), ал осы қасиетімен басқалардан айқын ажыратылса (++) қойылады.

Сұрақ парағы

1. Анық ойлап, жақсы түсінеді.
2. Жаңа білімді өте тез меңгереді.
3. Жаңа ойлар, күтпеген жауап, шешім табады.
4. Басқа балалар ойында, оқуда онымен бірге болуды қалайды.
5. Көп уақыттың сурет салу, қиыстыру, иглеу жұмысына арнайды.
6. Қызуқанды, дене қиып қозғалыстарын жақсы көреді.
7. Бір құбылыспен екіншісінің байланыстарын, себеп-салдарын жақсы біледі.
8. Оқуғаның, естігенін қайталанбай есінде сақтайды, қайталауға көп уақыт жібермейді.
9. Жаңа нәрсенің бәріне жылдам көңіл аударады, байқағыш, қабылдағыш.
10. Басқа адамдар арасында өзін сенімді сезінеді.
11. Саз сабақтарына қызығушылығы жоғары, музыка әуеніне тез көңіл аударады.
12. Спорт ойындарына, жарыстарына қатысқанды жақсы көреді.
13. Өз ойын жақсы жеткеледі, сөздік қоры мол.
14. Өз құрдастары бәлмейтін оқиғаларды, проблемаларды жақсы біледі.
15. Жаңа нәрселерді ашуға дайын тұрады, өмірлік міндеттерді шешуде жаңа идеяларды байқап көруге ұмтылады.
16. Басқа балалар арасында ойын, әрекеттерді жиі басқарады.

17. Өнер туындыларына ерекше көңіл аударады. Жақсы суреттерді қарағанды, музыка тыңдағанды, әдемі заттарды көргенде ойлы түрде қарайды.
18. Күрдастарына қарағанда дене қимылы ширақ, дене жағынан дамуы жоғары.
19. Байқағыш, кез келген құбылысты, оқиғаны талдай алады.
20. Кітап оқығанда жақсы көреді, әсіресе өзінен үлкен балалар оқитын кітаптарды оқиды.
21. Әртүрлі заттарды тандау, қолдануда тапқыр (мысалы ойында).
22. Балалармен, үлкендермен де тез тіл тапқыш.
23. Өлең айтқанда өз көңіл-күйін, жағдайын білдіреді.
24. Саяхатқа барғанды, спорт алаңдарында ойнағанды жақсы көреді.
25. Логикалық ойлау қабілеті жоғары.
26. Заттардың шығу қызметі туралы жиі сұрақ қойып, жүйелеу қабілеті жоғары.
27. Өзін қызықтыратын іске «басып-енеді» енеді.
28. Күрдастарымен тез тіл табысады.
29. Әңгімелегенде әртүрлі кейіпкерлердің көңіл-күйін, сезімін шебер көрсететін сөздер таба алады.
30. Бос уақытының көбін қимыл-қозғалыс ойындарына (хоккей, футбол) арнайды.
31. Танымдық қабілеті жан-жақты.
32. Ойын іс-әрекеттерде математикалық дағды, түсініктерін жиі қолданады, әртүрлі белгі, арал, сөздерді есінде ұзақ сақтайды.
33. Бір мәселені жан-жақты қарастыра алады.
34. Өз жасына тең емес жауапкершілікті ала алады.
35. Кез келген кейіпкер роліне тез кіре алады.
36. Барлығынан да жылдам жүтіреді.

Бастауыш сынып оқушыларының «сызынушылық картасы»

Бұл әдіс кіші мектеп жасындағы балалардың қызығушылығын анықтауға арналады.

Бұнда да жауап сұрақ парақтары толтырылады.

Балаларға нұсқау

Жауап парағының жоғарғы жағына өз фамилияңызды жазыңыз, жауап сізге ұнамаса (-) белгісің, егер ұнаса (+), егер өте ұнаса (++) қойыңыз.

Сұрақ парағы

1. Логикалық міндеттерді шешу.
2. Ертегілерді, әңгімелерді өз бетімен оқу.
3. Опаң айту.
4. Дене шынықтырумен айналысу.
5. Басқа балалармен бірге әртүрлі талсырмаларды орындау.
6. Табиғат туралы әңгімелерді оқу, тыңдау.
7. Асхананда тамақ әзірлеу, ыдыс жуу.
8. Техникалық конструкция құрастыру.
9. Шет тілін үйрену, тағыс емес сөздері қолдану.
10. Өз бетімен сурет салу.
11. Спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын ойнау.
12. Балалар ойындарын ұйымдастыру.
13. Орманға бару, жануар, өсімдік, жәндік өмірін бақылау.
14. Дүкеннен тағам алуға бару.
15. Техника туралы кітаптағы тыңдау, оқу.
16. Сөзтізбек, сөзжұмбақтарды шешу.
17. Өз бетімен ертегі, әңгімелер құрастыру.
18. Күн режимін сақтап, ертеңгілік жаттығу жасау.
19. Бейтаныс адамдармен сөйлесу.
20. Аквариум және үй жануарларын күту.
21. Ойыншық, кітап, дәптерлерді, жұмыс орнын жинау.
22. Самолет, корабль жобаларын салу, құрастыру.

23. Тарихпен танысу, тарихи музейлерге бару.
24. Өз бетімен көркем өнер шығармашылығының түрлерімен танысу.
25. Спорт туралы кітаптар оқып, спорттық телехабар көру.
26. Достармен ұжымдық ойын ойнау.
27. Үй жануарларын, өсімдіктерді күту, көмектесу.
28. Үй жинауға көмектесу.
29. Мектепте өз бетімен математикамен айналысу.
30. Халықаралық хабарлармен танысу.
31. Қойылым спектакльдерге қатынасу.
32. Спорт секцияларына, үйірмелерге қатысу.
33. Бақта, бақшада жұмыс жасау, өсімдіктерді өсіру.
34. Басқа адамдарға көмектесу.
35. Өз бетімен тігу, кір жуу.

Балаңыз қабілетін 6 салаға бөліп қарастыру

1. Интеллектуалдық деңгейі.
2. Академиялық жетістіктері.
3. Шығармашылық өнімді ойлауы.
4. Қарым-қатынас, лидерлік қабілеті.
5. Көркем өнерге бейімділігі.
6. Қозғалыс-қозғалыстық қабілеті.

Қалай бағалайсыз?

«5» - жеке тұлғаның дамуы өте жақсы, ерекше, әртүрлі іс-әрекет тәртібінен көрінеді.

«4» - ерекшелік жақсы байқалады, бірақ үнемі көрінбейді.

«3» - бағаланатын және оған қарсы жеке тұлға ерекшеліктері айқын байқалмайды.

«2» - бағаланатын қасиеттерінен гөрі оған қарсы ерекшеліктері анық байқалады.

«1» - тұлғаның тәртібінде іс-әрекетінде бағаланатын қасиеттерге қарсы ерекшеліктер мүлдем айқын болады.

«0» - бағаланатын қасиеттер мәліметі мүлдем жоқ.

Дарыгерлік қызықты жалпы диагностикалау әдісі

Педагогика психологиялық теория мен тәжірибеде жеке тұлғаның интеллектуалдық шығармашылық мүмкіндігін зерттеудің негізгі екі жолы бар. Бірінші дәстүрлі әдіс тестілер көмегімен зерттеу, екінші әр түрлі жағдаяттар көмегімен зерттеу. Бұл әр әдістің тиімді, тиімсіз жақтары бар және жүргізілетін жұмыстың міндетіне қарай қолданылады. Бірінші тест әдісін көптеген психологтар қолданып жүр. Г.Ю.Айзенк, А.Бине, Д.Боголюбовская, Д.Векслер, Дж.Ревен, П.Торренс, Л.Термин. Соңғы жылдары Д.Векслер, Дж.Ревен, П.Торренс әдістері біздің елде кеңінен қолданып жүр. Жеке тұлғаның интеллектуалдық шығармашылық мүмкіндігі немесе дарындылығына бір жақты баға беруге болмайды. Баланың күнделікті өмірдегі жеке мүмкіндіктерін кез келген адам, мұғалім, ата – ана байқай алады. Мысалы, оны үш топқа бөліп қарауға болады.

1. Жеке тұлғаның интегративті сипаттамасы.

1. Танымдық қажеттігі.

Бала неғұрлым дарынды болса, білуге ұмтылысы соғұрлым жоғары болады. Жаңа хабар мәліметтерді іздейді, үнемі сұрақ қояды, зерттеу, шығармашылық белсенділігі жоғары болады.

2. Әртүрлі мәселеге жоғары сезімталдық.

Басқалардың байқамайтынын байқау қабілеттілігі. Бұл шығармашылықпен ойлайтын адамдарға тән сипаттама. Проблемалық мәселелерді көз білері.

3. Болжам жасау қабілеттілігі.

Мысалы, кез келген мәселені қалай шешуге болжам жасап, қалай оң дұрыс шешуге болатындығын айтып, оның қорытындысын да айта алады.

4. Сөздік қоры. Баланың ақыл – ой дамуының негізгі қорытындысы, критерийі сөздік қорының мол болуы.

5. Бағалау қабілеттілігі. Өзінің ойын іс - әрекетіне және басқа адамдарға да баға бере білу сыни ойдың нәтижесі. Бұл өзін - өзі байқауға, бақылауға, өзіне сенімді болуға мүмкіндік береді.

2. Ақыл – ой даму саласына сипаттама

1. Ойлау талқырлығы, ұшырлығы. Бұрыннан бар, кең таралған идеялардан басқа идеялар ұсына білу. Мысалы, баланың салған суретіне шығармасында өзіндік тақырып, сипаттама болады.

2. Ойлаудың нәтижелілігі. Мысалы, тез, оңай бір құбылыстан екіншіге ауыса білу. Бір проблемалық мәселені шешуде тез бағытты өзгерту.

3. Ой өнімділігі. Ой өнімділігі немесе шапшаңдығы көбінесе үлкен ой – пікір идеяларының нәтижелімен сипатталады. Зерттеушілер бұл тікелей шығармалылықпен байланысты емес, бірақ неғұрлым идея көп болса, соғұрлым оның ішінен біреуін таңдауға мүмкіндік болады, дейді.

4. Таңдау, жинақтау қабілеттілігі. Кез келген хабарды жүйелі, логикалық түрде қарастыра білу – таңдау, ал керісінше бір нақты құрылымға біріктіру, жинақтау.

5. Классификациялау, категориялау. Кез келген хабарды жүйелеу білу, бағалай білу қабілеті. Мысалы, жиналған материалды жүйелей білу.

6. Зейіннің жоғары шоғырлануы.

7. Ес. Баланың оқуға, мәліметтерін, белгілерді есте сақтай білу қабілеті.

8. Жеке даму деңгейіне сипаттама.

9. Көшбасшысы (лидер) болуы.

III. Қорытынды

Адамның дамуы қоғамның дамуына, оның әлеуметтік аяғына ғылыми-техникалық прогресс байланысты болып отырады. Мәселен, капитализм қалыптасып келе жатқан дәуірде, ғылымның сан алуан салаларының дамуына буржуазия қоғамы кең еріс беріп отырды. Өйткені қауырт дамып келе жатқан капиталистік өндіріс барған сайын жаңа ғылыми білімдерді талап ете бастады. Мұның өзі білімді адамдардың көбеюіне қолайлы жағдай туғызды. Сол кездері жан-жақты қабілетті, аса дарынды адамдар көп болды. Өйткені бұл қоғамның қажетінен туған құбылыс еді. Ф.Энгельс «Қайта гүлдену дәуіріне» берген сипаттамасында сол дәуірді: «күшті ой-өрісі, құштарлығы мен сипаты, сан қырлылығы, ғылымның жағынан алыптарды көрек еткен және сондай алыптарды туғызған заман болды... Ол кезде алысқа сапар шекпеген, төрт-бес тілде сөйлемеген, творчествоның бірнеше саласында жарқырап көзге түспеген бірде-бір ірі адам болған жоқ дерлік еді. Леонардо да Винчи ұлы художник болып қана қойған жоқ сонымен қатар ұлы математик, механик және инженер болды, физиканың сан алуан тарауларында табылған маңызды жаңалықтар соның арқасы. Альберхт Дюрер - суретші, гравер, скульптор, архитектор болды, оның үстіне өзіндік кейбір идеялары бар фортификация системасын ойлап тапты. Бұл идеяларды көп заман өткеннен кейін барып Монгталамбер және фортификация жайындағы ең жаңа неміс ілімі қайтадан көтеріп кетті. Маккиавелли мемлекет қайраткері, тарихшы, ақын болды, оның үстіне жаңа замандағы ауызға алға лайықты бірінші әскери жазушы болды... Ол замандағы геройлар кісінің өрісін тарыпатын, сыңар жақтық туғызатын, олардың ізбасарларының бойынан ыдалы бізге сондай жәді байдалып жүрген еңбек бөлінісінің құлдары бола қойған жоқ-ты». Ф.Энгельс айтып отырған Орта ғасырдағы «Қайта гүлдену» (дұрысы «Қайта өрлеу. ҚЖ.) XX-ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында да белең алған еді. Осы кездегі тарихи аренаға

жан-жақты дарынды адамдар Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Шоқазев, М.Жұлабаев т.б. шыққаны белгілі.

Адам дарынның жан-жақты жетілуі еңбектің ескі бөлінісін, яғни ой еңбегі мен дене еңбегі болып бөлінуін, сөйтіп адамның белгілі бір кәсіпке немесе мамандыққа таңылып қоятын бірте-бірте жоюды көздейді. Әрине бұдан еңбектің түрлі салалары жойылып кетеді деген мағына тумағды. Еңбектің сан алуан түрлерінің ұштасуы адамның дене күшінің де, рухани күшінің де дамуына себепші болады, адамның білімі, шеберлігі, іс-әрекеттің түрлі саласындағы айрықша дамыған тәжірибе мен білім иемді дұрыс ұштасқанда ғана ғылым, техника, әдебиет пен өнер саласында адамның қабілеті мен дарыны, талапты дамып оның ойдағыдай өрістей түсуіне мен мүмкіндіктер жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Құдайқұлов М.Ә. Қабілеттілік, дағды, шеберлік. А., 1988.
2. Аймауытов Ж. Психология – Алматы, 1994.
3. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1981.
4. Төжбәев Т. Жалпы психология. – Алматы, «Қазақ университеті», 1993.
5. ҚР-сы Президентінің 2006-жылы ЕҰҰ-де оқыған лекциясы.
6. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. «12 жылдық білім» Республикалық ғылыми-әдістемелік ақпараттық-сараптама журналы.
7. В.П.Беспалько. «Словесные педагогические технологии».
8. Асипов А. Болашақ мұғалім, педагогикалық оқыту технологиясын пайдалану. Еуразия гуманитарлық қабаршысы. – Астана. 2006, №2.
9. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалдары. – Алматы, 2006 жыл.
10. Жүрекпен білше беретін Жапония шетелдік тәжірибе. Зерде, №6, 2004, 10-11 б.
11. Тұрғанбаева Б.А. Мұғалімнің әлеуетін шыңдау. – Алматы, 2007.
12. Якованская И.С. разработка технологии личностно-ориентированного обучения // Вопросы психологии. 1995, №2.
13. Нысанова К. Жапонияның білім жүйесінің кереметтігі неде? // Ана тілі, 25-тамыз, 2005, 7-бет, 1-қырқүйек.
14. Қазақстандағы дарындылық мәселесі бойынша инновациялық педагогикалық қызмет жинағы. Дарын, 2005.
15. «Білім. Образование» журналы, 2007.
16. Психологическая диагностика одаренности. Сборник методик, – Астана, 2006.
17. Бабаев С.Б. Оңайбек Ж. Психология таным. Түркістан, 2006.
18. Тұрғанбаева Б. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту. – Алматы, 1999.
19. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002.
20. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. Алматы: Дарын, 2004.
21. Қолябаев Р., Қолябаев Ж. Педагогика – А., 2004.